

«Болашақ» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ашық көрсетілім

Тақырыбы: «Адалдық дүкені»



Өткізген: Өтесінова Ш

2025 – 2026 оқу жылы

*Байтұрғын,
11.09.2026 м.*

Мақсаты: Бала бойында адалдық, тәртіп, сабыр және өзі жасаған іске жауапкершілік таныту сияқты маңызды құндылықтарды тәрбиелеу. Ақшаны, тиынды тану заңдылықтарын қалыптастыру.

Балалар залға көңілді әуенмен, текшені айналдыру арқылы тиын таңбаларын тауып, үстіннен басу арқылы кіреді.

Тәрбиеші: Балалар біздер дүкенге барғанды ұнатамыз. Солай емес пе?

Ал, дүкендегі ереже ондағы адалдық әрекеттері туралы білеміз бе?

Экраннан дүкен түрлері, сатушы туралы және дүкендегі тәртіп ережесі көрсетіледі.

Тәрбиеші: Мінекей балалар, дүкен түрлері өте көп. Бүгін біз дүкенге саяхат жасаймыз. Бүгінгі саяхаттың ерекшелігі, біздер «Адалдық дүкеніне» барамыз. Адалдық дүкені басқа дүкендерден ерекше. Себебі, бұл дүкен түрінде сатушы апай қарсы алмайды бізді. Алайда біздер өзіміз қалаған дүниені сөрелерде көрсетілген бағаларды қарай жүріп ала аламыз. Қолымыздағы тиындардың көмегімен, қалауымыздағы заттың бағасын төлеу арқылы алуымыз қажет болады. Ендеше дүкенге барайық.

Балалар дүкен сөрелерін аралай жүріп, қалауындағы дүниені қолдарындағы тиындарын төлеу арқылы алады.

Адалдық – ардың ісі. Видеоролик көрсетіледі. Балаларға өзгенің затына тиіспеу керектігі, ақысы төленбеген дүниені алуға болмайтындығы түсіндіріледі.

Тәрбиеші: Балалар біз адал бола білуіміз керек. Кез келген уақытта ол достықта, ол үйде ата – анамызға, бауырларымызға және басқа да қай кезде болмасын шыншыл, жауапкершілік тәрізді адал қасиеттерді бойымызға сіңіре білуіміз керек.

Тәрбиеші: Ал, балалар біздер ақшаға керекті дүниелерімізді дүкен сөрелерінен таба алдық. Білесіндер ма біз сатып ала алмай дүниелерде бар.

Ойын: «Сатып алуға болатын және болмайтын заттар»

Мақсаты: Бала бойында адалдық, тәртіп дағдыларын қалыптастыру.

Шарты: Балаларға әр түрлі суреттер таратылады. Балалар сатып алуға болатын заттар (көлік, тамақ, киім, т.б.) заттарды және сатып ала алмайтын (достық, уақыт, анамыздың, әкеміздің махаббаты) тәрізді дүниелерді тауып әмиянды орналастыруы қажет.

Қорытынды: Балалар қандай армандарың бар?

Мәселен, біреуің үлкен көлік ойыншығын алғыларың келуі мүмкін. Енді бірің басқада ойыншықтар. Ал, сол үлкен дүниені алу үшін осы қолымыздағы кішкентай дүниелерді жинау арқылы сатып алуымызға болады балалар. Арнайы қорапшаға армандаған дүниелеріңді алу үшін, жинай бастасаңдар сатып алуларына болады. Ол үшін анамыз аға – апаларымыз берген тиынды алып, дүкенге барып шоколад басқада дүниелерге жұмсағаннан армандаған үлкен дүниелеріңе жинай білсеңдер болады екен.

Назарларыңызға рахмет!